

FTAMP 14.35

Ш.Л. Ерхожина¹

¹Сулейман Демирел университеті
Қаскелең қ., Қазақстан

СТУДЕНТТЕРДІҢ ОҚУ ТАНЫМДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ МӘСЕЛЕСІ

Аңдатпа. Мақалада студенттердің оқу-танымдық мәселесі және оны қалыптастыру құзыреттілігі сөз болады. «Таным», «оқу-танымдық іс-әрекет» және «құзыреттілік» ұғымдарының мәнін ашудан бастап, олардың бір-бірімен өзара байланысы анықталды. Білімгердің танымдық белсенділігін айқындайтын белгілер, дамыту тиімділігін көрсететін жетекші факторлар, оқу-танымдық құзыреттілік талаптары қарастырылды. Ғалымдардың тұжырымдарын саралай келе, студенттердің оқу-танымдық құзыреттілігін қалыптастыру нәтижесіндегі қамтылатын білім, білік, дағдылар нақты айқындалды.

Авторлардың пікірінше, оқу-танымдық құзыреттілік қалыптастыру негізінде студент белгілі білім негізін игеру барысында ғылыми зерттеудің әдіс-тәсілдерін; саланың ғылыми әдістерінің шегарасын; зерттеудің ғылыми білімінің жүйесін; іргелі және қолданбалы зерттеудің негізгі бағыттары мен перспективаларын білуі қажет. Білімалушы өзіндік талдаулар жасай алатын, қорытынды жасай білетін, ойлау дербестігі, логикалық, жүйелі ойлауын дамытқан құзыретті тұлға ретінде қалыптасады.

Кілт сөздер: құзыреттілік, оқу-танымдық, интеграция, рефлексия, ықтималдық.

Аннотация. В статье обсуждается образовательно-познавательная проблема учащихся и их компетенция. После открытия сущности понятия «познание», «познавательная деятельность» и «компетентность» были идентифицированы отношения между ними. Критерии, определяющие познавательную деятельность студента, ведущие факторы, отражающие эффективность развития, требования к образовательной и познавательной компетенции. Различая выводы ученых, четко определены знания, навыки и умения, которые были созданы в результате формирования когнитивной компетентности учащихся.

По мнению авторов, на основе формирования образовательной и познавательной компетенции, студент будет изучать методы научных исследований; научные методы и методики; систему научных знаний; основные направления и перспективы фундаментальных и прикладных исследований. Студент формируется как компетентный человек, если

может анализировать, делать выводы, развивать автономию мышления, логическое и систематическое мышление.

Ключевые слова: компетенция, когнитивность, интеграция, рефлексия, вероятность.

Abstract. The article discusses students' cognitive problem and their competence. From the discovery of the essence of the concept of "cognition", "cognitive activity" and "competence", the relationships between them have been identified. The criteria that determine the cognitive activity of the student, the leading factors that reflect the development effectiveness, the educational and cognitive competence requirements. By distinguishing the scientists' conclusions, the knowledge, skills and skills that have been created as a result of the formation of students' cognitive competence have been clearly defined.

According to the authors, on the basis of the formation of educational and cognitive competence, the student will study the methods of scientific research; scientific methods and techniques; system of scientific knowledge; main directions and prospects of fundamental and applied research. A student is formed as a competent person if he can analyze, draw conclusions, develop autonomy of thinking, logical and systematic thinking.

Keywords: competence, cognitive, integration, reflection, probability.

Білімалушының оқу-танымдық құзыреттілігін қалыптастыруды сөз етпес бұрын, алдымен оқу-танымдық іс-әрекеттің мәнін түсіну аса маңызды. Бұл туралы көптеген ғалымдардың еңбектерінен кездестіруге болады. Олардың бірі «оқу танымдық іс-әрекет», бірі «оқу танымдық қабілет» ретінде басты нысанға ала зерттеулер жүргізген. Оқу танымдық іс-әрекетті белсендіру мәселесі сонау көне заманнан Сократтан бастау алады. Оқу белсенділігінің әдіснамалық негізі – таным теориясы болып табылады. Танымның мақсаты – жеке тұлғаның санасындағы объективтік шындықтың бейнеленуі. Педагогикада оқушылардың «танымдық», «оқу-танымдық іс-әрекеті», «ойлау іс-әрекеті» ұғымдары жиірек пайдаланылады. «Ойлау» және «таным» ұғымдарына анықтама берер болсақ, философиялық энциклопедиялық сөздікте «ойлау» ұғымы объективтік шындықтың белсенді бейнелену формасы ретінде сипатталады. Ал бұл бейне айнала қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстардың мәнді байланыстарының қатынастарының бейнесі болып табылады. Адамзат баласы осы байланыстар бейнесін онан әрі дамытады, осы байланыстар дамуын болжайды шығармашылықпен жаңа идеялар ойлап табады, оқиғалар мен әрекеттерді болжайды, өз алдында мәселелер қояды және осы мәселелерді шешеді. Ойлау адамзат баласы танымының ең жоғарғы сатысы болып табылады. Демек «таным» процесі «ойлау» процесіне қарағанда әлдеқайда кеңірек ұғым болмақ. Философиялық

сөздікте «Таным-объективті шындықтың бейнеленуінің жоғарғы формасы» ретінде сипатталады.

Жеке тұлға өзін қоршаған әлемге әсерін тигізе отырып, өзінің қажеттілігі мен мақсаттарына сәйкестендіріп оны өзгертеді және таниды. Бұл таным процесінің ең жалпы үлгісі. Оқушылардың оқу танымдық іс-әрекетін белсендірудің маңыздылығы Я.А.Коменский, И.К.Песталоций, А.Дистербег, Н.Г.Чернышевскийдің және т.б. еңбектерінде терең зерделенеді. Н.А.Половникова: «Оқу-танымдық іс-әрекеттің мәні – мектеп оқушысының білімді игеруде өз күшімен талаптануы»[1], - дейді. Ал М.И.Махмутов: «Оқу-танымдық іс-әрекет – шәкірттің ақыл-ой белсенділігі және оның өз бетінше ізденіп оқуына мүмкіндік беретін әрекеті» [2],- деп қарастырған. Ғалымдар зерттеулеріндегі түйінді тұжырымдар мен көзқарастардан байқағанымыздай, оқу-танымдық іс-әрекетке қатысты зерттеулердің мол болғандығы айқындалады. Ал қазіргі білім берудің жаңаша бір қыры – білімгерлердің оқу-танымдық құзыреттілігі мәселесі.

Құзыреттілік тәсілі Қазақстандағы жоғары білім беру модернизациясының концептуалды басым бағыттарының бірі болып табылады. Жоғары білім беру жүйесінде құзыреттілікті қалыптастырып, дамыту мәселесі кәсіби міндетті сапалы шешуге және жоғары оқу орны даярлаған мамандардың еңбекке араласқан кездегі білім қорын тәжірибемен ұштастыру үрдісінің сапалы жалғасымын табуына арналған. Сонымен қатар, ол қазіргі уақыттағы мемлекеттік білім беру стандарттарының алдында тұрған білім беру компоненттерінің мазмұнының басымдылығын және оған жаңаша көзқараспен қарау, оқу үдерісінің тәжірибелік, қызметтік компоненттерін қайтадан құрастыру және олардың пайдасын арттыруға мүмкіндік береді. Білім қорының молдығы, маманның кәсіби тәжірибелік іс-әрекеті әлемді тану үдерісінде жетекші білім беру компоненті ретінде танылуға тиіс. Сонымен қатар білімалушылардың оқу-танымдық құзыреттілігін дамыту қазіргі уақытта білім берудің негізгі міндеттерінің бірі. Осы тұрғыдан, әрбір педагогтың алдында тұрған басты мәселе – білімгерлердің оқу бағдарламасын сапалы игеруін қамтамасыз ететін білім алу құзыреттіліктерін дамытатын құралдар мен әдістерді іздестіру.

М.Ж. Жадринаның пікірінше, құзыреттілік оқушының мәселелерді өзіндік даму, өзіндік басқару, білім, икемділік, дағдыны пайдалана отырып шешумен ерекшеленеді [3].

Оқу танымдық құзыреттілік – білімгердің зерттеу әрекеті мен өзіндік оқу-танымдық процесін қамтамасыз ететін, яғни білімділік қабілетін ұйымдастыра білетін, жоспарлай білетін, ізденушілік-зерттеушілік әрекет дағдыларын игеретін, талдай алатын, қорытынды жасай білетін кешенді құзырлылық. Яғни, құзыреттілік - жеке тұлғаның теориялық білімі мен практикалық тәжірибесін белгілі бір міндеттерді

орындауға даярлығы мен қабілеті. Ол жансыз жаттанды білім түрінде емес жеке тұлғаның танымға, ойлауға қатысын және әрекетке, белгілі мәселелерді ұсынып, шешім жасауға, оның барысы мен нәтижелерін талдауға, ұдайы түрде ұтымды түзетулер енгізіп отыруға деген икемділігінің белсенділігінен көрінеді. Құзіреттілік бірінші орынға білім алушының ақпаратты сауаттылығын емес, оның мәселені дұрыс шеше білу қасиетін қояды. Болашақ маман өз ісінің шебері, жақсы мұғалім болу үшін мамандығына қажетті қабілеттерді және жалпы әлемдік мәдениетті, өз елінің мәдениетін, қарым-қатынас мәдениетін, тіл мәдениетін игеріп, интеграциялық үрдістерді меңгеріп, әлемдік білім кеңістігінің өресінен шыға алуға талпынуы керек. Оқу –танымдық құзыреттілікті қалыптастыру студенттің жеке білім қорын өз бетінше толықтырып, оқытудың білім, білік дағдысын игеріп, өз қабілетін дамытуды, ғылым жаңалықтары мен ғылыми негіздерді педагогикалық инновациялар тұрғысынан қабылдауды, күнделікті өзгеріп жататын педагогикалық ортаға тез бейімделуді қажет етеді.

Студенттің жеке тәжірибесі мен қажеттіліктеріне қарай, ақиқат шындық нысандарына қатысты өнімді және саналы іс-әрекетті жүзеге асыру үшін қажет білім, білік, дағдылармен білімін толықтыруы оқу үрдісінде құзіреттілік ыңғайын қолдану арқылы жүзеге асады. Мұндағы әрекеттең алдымен, оқу-танымдық құзіреттілік арқылы атқарылады. Оқу-танымдық құзыреттілікке ақиқат танымдық нысандарымен байланысты әдіснамалық, логикалық, жалпыоқу іс-әрекеттерінің элементтері тиісінше қызмет атқарады.

Оқу-танымдық құзіреттілік құрамынамынадай біліктер кіреді:

- мақсат қоя алу және оған қол жеткізуді ұйымдастыру, өз мақсатын түсіндіре алу;
- өзінің оқу-танымдық іс-әрекетін жоспарлауды ұйымдастыра алу, оны талдау, рефлексия, өзін-өзі бағалау;
- байқалған фактілер бойынша сұрақ қоя алу, құбылыстардың себептерін іздестіру, қарастырылатын мәселеге қатысты өзінің түсінгендігін, не түсінбегендігін білдіре алу;
- танымдық мәселелерді және болжамдарды қоя алу;
- байқау немесе тәжірибе жүргізу шарттарын таңдай алу;
- қажетті құралдар мен жабдықтарды таңдай алу, өлшеу дағдыларын игергендігі, жұмыс нұсқаулары мен жұмыс жүргізуі;
- танымның ықтималдық және статистикалық әдістерінің элементтерін пайдалану;
- нәтижелерін сипаттай және қорытындыларды тұжырымдай алу;
- компьютерлік құралдар мен технологияларды (мәтіндік және графикалық редакторлар, презентациялар) пайдаланып зерттеу нәтижелері туралы ауызша және жазбаша түрде баяндай алу.

Студент осындай біліктерді игеру негізінде өнімді іс-әрекеттің креативті дағдыларын меңгереді: шынайылықтан тікелей білім алуды, қалыптан тыс жағдаяттарда орындалатын әрекет тәсілдері мен мәселелерді шешудің эвристикалық әдістерін меңгереді.

Жоғары оқу орындарында студенттің оқу-танымдық белсенділігін қалыптастыруда олардың қабілеттерін дамытудың, танымдық жан қуаттарының оянуына ықпал етіп, ізденісіне, талабын ұштауға білім деңгейін жетілдірудің маңызы ерекше. Білімгердің оқу – танымы – іс – әрекет мақсатын, мазмұны мен қорытындысын, түрлері мен әдістерін, мотивтерін, деңгейлерін қамтиды. Оқу – танымдық құзыреттілік – шәкірттің білімге деген өте белсенді ақыл-ойы мен оны қабылдауы және іс-әрекеті негізінде көрініс беруі. Ол танымдық қажеттіліктен, мақсаттан, таным қисындарынан және әрекетті орындаудың тәсіл-амалдарынан тұрады. Оқу үрдісі білімгердің оқу-танымдық әрекеті негізінде жүзеге асады, ал оқу - танымдық әрекеті негізінде білімгердің танымдық белсенділігі қалыптасады. Танымдық белсенділіктің орындалуы олардың оқу материалын түсінуге, өткенді жаңамен байланыстыруға, негізгісі мен қосымшасын анықтауға, алған білімдерін тәжірибеде пайдалануға, өз пікірлерінде оларға сүйенуге ұмтылысынан көрінеді. Білімді саналы меңгеру өз бетімен жаңа білім алуға мүмкіндік беретін ақыл-ой еңбегінің өзіндік тәсілдерін игермейінше іске аспайды. Оқу-танымдық құзыреттілікті студент бойында қалыптастыру оның белсенді танымды іс- әрекетіне тікелей байланысты болып келеді. Білімгердің танымдық белсенділігі мына үш белгіге тән:

оқу- танымдық әрекеттің қоғамдағы маңыздылық бағыты;

оқу- танымдық әрекеттің интеллектуалдық сипаты;

оқу- танымдық әрекеттің реттеушілік сипаты.

Сондай-ақ, танымдық белсенділігін дамыту тиімділігі мынадай жетекші фактормен анықталады:

- білімгерлердің жас ерекшеліктерін есепке алу;

- оқу үрдісінде мәселелік оқытуды кеңінен енгізу;

- материалдарды айтып түсіндіруде жүйелік ұстанымын қамтамасыз ету;

- бірте-бірте күрделене түсетін тапсырмалар кешенін шешудегі қол жеткен табыстарды «нығайтуды» қамтамасыз ету, т.б. [4].

Болашақ маманның оқу-танымдық құзыреттілігін қалыптастыру үшін оқыту үдерісінде білімнің ғылымилық принципіне сүйенген, нақты білімді игертетін танымдық тапсырмаларды орындауда, акпаратты жинақтау барысында ізденімпаздықты талап етеді, сондықтан мұндай тапсырмаларды орындау барысында өзекті мәселені табу, мақсаты мен міндеттерін айқындау, зерттеу әдіс-тәсілдерін белгілеу, болжам құру, болжамды тексеру, нәтиже, іс-әрекет, рефлексия арқылы жүзеге асады. Оқыту үдерісінде мақсат қою, оны жоспарлау болашақ маманнан

зеректік, ізденімпаздық, еңбекқорлық, шабыт, белсенділік, қызығушылық, өмірлік белсенді ұстаным сияқты көптеген қасиеттерді талап етеді. Сонымен оқу-танымдық құзыреттілік талаптарын, сондай-ақ оларды ұйымдастыру жолдарын зерттеу мәселесін тетігін анықтау мынадай тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді:

- болашақ мамандардың ойлау дербестігін, логикалық, жүйелі ойлауын дамыту арқылы олардың қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға болады;

- танымдық іс-әрекет түрлері төменнен жоғары, кезекті түрде, белгілі бір ретпен, жүйемен жүргізілуі нәтижесінде ақпаратпен жұмыс істеу қабілеттері дамиды;

- танымдық іс-әрекетті дұрыс ұйымдастыру олардың қызығушылығы мен ізденімпаздық, шығармашылықтың қалыптасуына баулиды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Половникова Н.А. Система воспитания познавательных сил школьников. – Казан. гос. пед. ин-т. – Казань: КГПИ, 1976. – 101 с.

2 Махмутов М.И. Теория и практика проблемного обучения. – Казань, 1972. – 365 с.

3 Рысбекова А. Танымдық қабілетті арттыру шарттары. // «Қазақстан мектебі» журналы. – №7.– 2010. – Б. 38-39.

4 Жадрина М.Ж. Логико-дидактический подход к определению ожидаемых результатов обучения в школе // Творческая педагогика. – 2005. – №2. – С. 3.